

**Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті әскери қызметке шақыру туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 19 сәуірдегі N 3-563 қаулысы . Алматы облысының Әділет департаменті Іле ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 28 сәуірде N 2-10-144 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 11-2306 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 31.12.2013 № 11 - 2306 қаулысымен . Р Қ А О ескертпесі .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы, 1-тармағының 8)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19-бабының 3-тармағына, 20-бабының 1-тармағына, 23-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы N 1163 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылдың 11 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы N 1163 Жарлығын іске асыру туралы" N 250 Қаулысы негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кенттік, ауылдық округ әкімдеріне Өтеген батыр кенті, Титов көшесі, N 30 үй мекен жайындағы шақыру учаскесіне "Іле аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссия құрамы 1-қосымшаға сәйкес

қ ұ р ы л с ы н .

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

4. Кенттік және ауылдық округ әкімдері 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру мерзімінде әскер қатарына шақырылғандарды, олардың шақыру учаскесіне шақырылғандығы туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

5. "Іле аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына Құсайынов Мақсат Болатұлы (келісім бойынша), әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзіреті шегінде ұйымдастырып жүргізсін, ішкі істер органдары әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай-ақ әскерге шақырушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі кезеңде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Іле аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 5 сәуірдегі "2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті әскери қызметке шақыру туралы" N 3-499 (Іле аудандық әділет басқармасында 2010 жылдың 22 сәуірде N 2-10-118 нөмірімен Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2010 жылы 21 мамырда "Іле таңы" газетінің 21 санында жарияланған) қаулысының орындалуына байланысты күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

7. Осы қаулының орындалуын бақылау, аудан әкімінің орынбасары Файль Виктор Александровичке жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Н.Н. Логутов*

КЕЛІСІЛДІ:

*Іле ауданының орталық ауруханасының бас дәрігері Тұрсынмұратова Бахытгүл*  
Е с к е н д і р қ ы з ы  
19 сәуір 2011 жыл

*Іле аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, Құсайынов Мақсат Болатұлы*  
полиция полковнигі  
19 сәуір 2011 жыл

*Іле аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы Аширбаев Нұрғанат Өксіханұлы*  
19 сәуір 2011 жыл

"Қазақстан Республикасының жылдың сәуір-маусым және



